

i20



Әрқашан ҚОЗҒАЛЫСТА.

Hyundai i20

i20 айқын сызықтары көзтартарлық және оның заманауи жабдықталуын көрсетеді. Рульге отырыңыз, «Старт» батырмасын басыңыз және ымырасыз динамикадан ләззат алуға дайын болыңыз. Премиум-класты жабдық барлық күткеніңізден асып түседі.



WR7
Қызыл Dragon Red Pearl



R3W
Қола Elemental Brass Metallic



YP5
Көк Intense Blue Pearl





Тартымды стиль.

Спорттық және динамикалық... i20 — Hyundai автомобильдерінің мінсіз стилінің үлгісі. Hyundai дизайнының тұжырымдамасы — «сезімтал спорттылық» — i20-ның әрбір бөлшектерінен көрініс табады: жарықдиодты жарықтандыру құрылғылары мен ұлғайтылған габариттерден бастап, екі түске боялған шанақ пен стильді параметрлік радиатор торына дейін.



Алдыңғы көрініс: спорттық стиль



Бұрылысты жарықтандыратын жарықдиодты фаралар
«Қара жалтырақ» хромдалған элементтері бар радиатор торы

Артқы көрініс: ерекше келбет

16-дюймдік екі түсті жеңіл балқығыш дөңгелек
дискілер



Сыйымдылық және қолайлылық.

i20 сыйымды салоны бірегей дизайн элементтерімен және осы класс үшін максималды болып табылатын екінші қатардағы кеңістігімен ерекшеленеді. Мультимедиялық жүйенің 8 дюймдік сенсорлық дисплейі озық қосылым мүмкіндіктерін ұсынады және планшет сияқты оңай басқарылады.



Былғарымен қапталған, жылытылатын және аудиожүйені басқару және круиздік бақылау батырмалары бар 4 шабақты руль



Apple CarPlay және Android Auto қосылу мүмкіндігі бар, сондай-ақ дауыспен басқарылатын Bluetooth коммуникациялық жүйесі бар 8" дисплейімен аудиожүйе (Radio + RDS)



Одан да үнемді және серпінді.

i20 максималды отын тиімділігі мен қосымша қуатты қамтамасыз ететін жаңа буын технологиялары бар трансмиссиямен жабдықталған. Енді i20 рүлінде одан да қызықты болады.

Карра 1.4 MPI

6 сатылы МБАҚ / АБАҚ

100 Максималды қуаты
(6000 айн/мин кезінде а.к.)

134 Максималды айналу сәті
(4000 айн/мин кезінде Нм)



Карра 1.4 MPI



6 сатылы АБАҚ







Бағдарлық тұрақтылықтың электрондық жүйесі

Бағдарлық тұрақтылықтың электрондық жүйесі бүйірлік сырғуды анықтайды және компьютерлік технологиялардың көмегімен жекелеген дөңгелектерді автоматты түрде тежейді, бұл көлікті бақылауға және соқтығысу қаупін азайтуға көмектеседі.

Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік пен сенімділік.

Шанақтың күштік қаңқасының конструкциясында беріктігі жоғары болатты және алты заманауи қауіпсіздік көпшіктерін кеңінен қолдану арқылы i20 жүргізуші мен жолаушыларды жан-жақты қорғауды қамтамасыз етеді. Көлік жүргізу кезіндегі жайлылық пен сенімділікті арттыру үшін бұрылыстарды статикалық жарықтандыру, электронды бағыттық тұрақтылық жүйесі және өрге қарай орыннан қозғалған кездегі көмек жүйесі сияқты технологиялар қосымша қолжетімді.



Алдыңғы және артқы парктроник

Кіріктірілген бейнекамера артқа қарай жылжу кезінде көліктің артындағы кеңістіктің бейнесін экранға жібереді. Қандай да нысанға қатты жақындаған кезде қашықтық датчиктері ескертуші дыбыстық сигналды іске қосады.



Бұрылыстарды статикалық жарықтандыру

Бұл функция бұрылыстарды өту кезінде фараардың жарығы түспейтін қараңғы жерлерді жарықтандыруды қамтамасыз етеді.



Өрге қарай орыннан қозғалған кезде көмек көрсету жүйесі

Тік өрге көтерілу кезінде тоқтап, орыннан қозғалу қиын және тіпті қауіпті болуы мүмкін. Бұл жүйе тежегіш басқышын босатқан кезде көліктің кері сырғуына жол бермейді.



6 қауіпсіздік көпшігі

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны қорғау үшін екі алдыңғы және екі бүйірлік қауіпсіздік көпшіктері қарастырылған. Ал салонның бүкіл ұзындығына созылатын екі қауіпсіздік пердешесі бүйірлік соқтығысулар кезінде барлық жолаушылардың қорғанысын жақсартады.



Бағыттаушы сызықтары бар артқы көрініс камерасы

Бұл опция автокөлікті тұраққа қою процесін едәуір жеңілдетеді: мультимедиялық жүйенің экранына шығарылатын түрлі-түсті бағыттаушы сызықтар дұрыс траекторияны таңдауға көмектеседі.

Шанақтың күшейтілген конструкциясы

Жолаушылар қауіпсіздігіне жауап беретін жаңа i20 шанағының негізгі аймақтары (36%) беріктігі жоғары болатпен күшейтілген.



Жабдықталуы



Толық өлшемді қақпақтары бар 15 дюймдік болат дөңгелек дискілері



Рефлекторлық типті галогенді фаралар



Бұрылысты жарықтандыратын 4MFR жарықдиодты фаралары



Phantom Black қара түсті радиатор торы



16-дюймдік екі түсті жеңіл балқығыш дөңгелек дискілер



Электр жетегі бар айналар



Хромдалған белдік сызығы



Артқы жағындағы хромдалған молдинг



Автоқұңгіртеу функциясы бар салон айнасы



Стильді алдыңғы панель



Жарық және жаңбыр датчиктері



Smart Key Кілтсіз ашу жүйесі және қозғалтқышты оталдыру батырмасы



Интерьердің амбиентті жарықтандыруы



Салонның артқы жағындағы құрылғыларды зарядтауға арналған USB қосқышы




Смартфонды сымсыз зарядтау жүйесі




Терезенің булануға қарсы функциясы бар климаттық бақылау

* Жабдықталуы мен жиынтықталымы ерекшеленуі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін ресми дилерге хабарласыңыз.



Қозғалыс жолағында ұстау көмекшісі (LKA)

Бұл жүйе алдыңғы камераның көмегімен жол белгілерін қадағалайды. Автокөлік жолақтан байқаусызда шыққан жағдайда, ол жүргізушіге ескертеді және автокөлікті жолаққа қайтару үшін рульді кері бұра алады.



Алдыңғы кедергі алдындағы автоматты тежеу жүйесі (FCA)

FCA жүйесі радар мен камераны қолдана отырып, көліктің алдындағы жолды бақылайды. Ол Сізге ескертеді және Сіздің алдыңызда келе жатқан көлік кенеттен тежей бастаған жағдайда, сондай-ақ жолыңызда жаяу жүргіншілер немесе велосипедшілер анықталған жағдайда тежегіштерді автоматты түрде іске қосады. Жаңартылған жүйе қиылыста бұрылған кезде соқтығысудың алдын алу функциясымен толықтырылған.



Шиналардағы қысымды мониторингілеу жүйесі (TPMS)





Жүргізушілерді бір немесе бірнеше шиналардағы қысымның төмендеуі туралы ескертетін жүйе. Қысым төмендеген кезде басқару панелінде жүргізушіні ескертетін сигнал жанады.



Шанақтың түстері



Бір түс



Екі түс



TTB
Ақ White + қара Phantom Black



RR6
Қызыл Fiery Red + қара Phantom Black

Салонның тысталуы



Қара (мата)

Техникалық сипаттамалары

Түрі	Катра 1.4 MPI (бензин қозғалтқышы)	
Қозғалтқыш түрі	4 цилиндр, DOHC, D-CVVT	
Көлемі, см³	1368	
Максималды қуат, а.к. / айн/мин	100 / 6000	
Максималды айналу сәті, Нм / айн/мин	134 / 6000	
Тежегіштер		
Алдынан	Желдетілетін дискілі	
Артынан	Барабандық / желдетілмейтін дискілік	
Аспа		
Алдынан	Макферсон	
Артынан	Торсионды арқалық	
Шиналар		
	185/65 R15, 195/55 R16	

Габариттік өлшемдер		
Орындықтан төбеге дейінгі биіктік, мм	Алдыңғы / артқы	1,003 / 965
Аяққа арналған кеңістік, мм	Алдыңғы / артқы	1,072 / 938
Иық деңгейіндегі салонның ені, мм	Алдыңғы / артқы	1,395 / 1,390

- Жоғарыда көрсетілген мәндер алдын ала бағалау нәтижесінде алынған және өзгертілуі мүмкін.
- Осы кітапшада ұсынылған жабдықтардың бір бөлігі стандартты жабдықтар тізбесіне кірмеуі мүмкін және қосымша ақыға опциялар ретінде беріледі.
- Hyundai Motor Company техникалық сипаттамалар мен жиынтықталымды алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.
- Каталогта көрсетілген түстер басып шығару кезінде түс беру мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты нақты түстерден сәл өзгеше болуы мүмкін.
- Қолжетімді түстер мен әрлеу материалдары туралы толық ақпарат алу үшін уәкілетті дилерге хабарласыңыз.



Жолтабан * 1,531
Габаритті ені 1,775



Дөңгелек базасы 2,580
Габаритті ұзындығы 4,040

Габаритті биіктігі

1,450



Жолтабан * 1,536

Өлш.бір.: мм. * Жолтабан • 15 дюймдік болат дөңгелек дискілері (алдыңғы/артқы): 1554/1558



Бір отбасы — көп артықшылықтар.



Сервис

ОСЫ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ ДӘЛ ҚАЗІР СІЗГЕ ДЕГЕН
ҚАМҚОРЛЫҚПЕН!

Before Service бағдарламасы автомобильді кешенді профилактикалық байқауды кедергісіз және қауіпсіз, ең бастысы тегін жүргізуге мүмкіндік береді. Бағдарламаның кезеңін өз қалаңыздағы ресми Hyundai дилерлік орталығында нақтылау қажет.



Кепілдік

ЖАҢА HYUNDAI АВТОМОБИЛІНЕ ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ
КЕПІЛДІГІ

Дайындаушының кепілдігі 5 жыл және 100 000 км (қайсысы ертерек болатынына байланысты), Hyundai ресми дилері автомобильді бірінші сатып алушыға сатқан (берген) сәттен бастап сервистік кітапшада көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бұл туралы сервистік кітапшада кепілдіктің басталу күні туралы тиісті белгі куәландырады.


Дайындаушының кепілдігі сервистік кітапшада келтірілген Hyundai автомобиліне кепілдік шарттарына сәйкес келетін ақаулық туындаған жағдайда, осы ақаулықтың сипаты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Автомобильді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына байланысты автомобильді жөндеу орнына өз жүрісімен жеткізуге мүмкіндік бермеген жағдайда ғана автомобильді ең жақын Hyundai ресми Дилеріне жеткізуге (эвакуациялауға) қолданылады.



Жеңілдікпен кредиттеу

ОТАНДЫҚ АВТОӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Сіздер Отандық автоөндірісті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын пайдалана аласыздар және ең төменгі бастапқы жарнасы автомобиль құнының небәрі 10%-ын құрайтын 7 жылға жылдық 4% мөлшерлеменен жаңа Hyundai сатып алуға кредитті рәсімдей аласыздар!



Trade-in

«TRADE-IN» ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Барлық Hyundai дилерлік орталықтарында «Trade-in» бағдарламасы әрекет етеді. Барлығы өте оңай: кез келген маркалы автомобильді жаңа Hyundai автомобиліне айырбастаңыздар. Толығырақ Қазақстан бойынша барлық ресми Hyundai дилерлік орталықтардан біле аласыз.



Call center

БАРЛЫҚ HYUNDAI ИЕЛЕРІ ҮШІН

7007 нөмірі бойынша клиенттерді қолдау қызметі 24\7 қолжетімді.

Дилер туралы ақпарат

5ТҚК СЫЙЛЫҚҚА

5 ТҚК туралы сипаттама

Бұл кітапша басып шығару кезінде дұрыс болды. Алайда, Hyundai Auto Kazakhstan компаниясы өнімді үздіксіз жетілдіру және жақсарту саясатын ұстанатындықтан, ол осы жарияланымда сипатталған модельдердің ерекшеліктерін, түстерін және жиынтықталым элементтерін кез келген уақытта қосымша ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Модельдердің түстері мен жиынтықталымдарының үйлесімі олар нақты болған жағдайда қолжетімді. Өзекті ақпарат алу үшін Hyundai ресми дилерлік орталықтарына хабарласыңыз.

Hyundai Auto Kazakhstan

Брендтің Қазақстандағы ресми дистрибьюторы

<http://hyundai.com>

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center

Ұялы телефондардан қоңырау шалу: 7007